

Қ. Ө. Қарабеков,
азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының
аға оқытушысы, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Жоғары заң оқу орындарында оқытылатын пәндердің арасында азаматтық құқық маңызды оқу пәндерінің бірі ретінде танылады. Басқа оқу пәндерінен ерекшелігі — азаматтық заңдардың қазіргі қоғамда алатын орны болып табылады. Себебі, азаматтық заңнама, нарықтық экономиканың берік негізін, тауар-ақша қатынастарының өркендеуі мен дамуын, заңды тұлғалар мен азаматтардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын қорғайды. Сондай-ақ қазіргі кезде азаматтық заңнама басқа да қазақстандық заңнамалар жүйесінде ең күрделі және көлемділерінің қатарына жатқызылады.

Тыңдаушылардың басты мақсаты — азаматтық-құқықтық ұғымдар мен категориялардың негізін меңгеру, азаматтық-құқықтық талдай білуді үйрену және оларды тәжірибе барысында қолдану болып табылады. Бұл пән бойынша жұмыстық оқу бағдарламасында белгіленген дәріс, семинар және тәжірибелік сабақтар сұрақтарында және тыңдаушылардың оқытушымен өзіндік жұмысы барысында қарастырылатын тақырыптарда қамтылған.

«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы» екі бөлімнен тұрады: жалпы және ерекше.

«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының» жалпы бөлімі курсын оқудан бұрын «Мемлекет және құқық теориясы», «Рим құқығы» және «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы» курстары меңгерілуі тиіс. «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының» жалпы бөлімі курсы оқытылғаннан кейін «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы» ерекше бөлімі және «Жер құқығы», «Азаматтық іс жүргізу құқығы» пәндері оқытылады.

Курстың мақсаттары:

- азаматтық құқықтың негізгі теориялық ережелерін тыңдаушыларға түсіндіру;
- азаматтық заңнамалардың маңызы мен олардың нарықтық экономиканың қалыптасуына ықпалы мен маңызын түсіндіру;
- қазіргі кездегі азаматтық заңнамалардың сапасы мен даму болашағын саралау;
- тыңдаушыларды азаматтық-құқықтық қатынастарда заң нормаларын дұрыс қолдана білуге үйрету;
- азаматтық заң нормаларын түсіндіру барысында кездесетін кейбір құқықтық-теориялық күрделі мәселелерді саралай білуге тыңдаушыларды бейімдеу.

Курстың негізгі міндеттері:

- азаматтық заңнама негіздері туралы мәлімет беру;
- азаматтық заң нормаларын тәжірибе жүзінде қолдана білуді үйрету;
- азаматтық-құқықтық қатынастар кезінде болашақ ішкі істер органдарының қызметкерлерінің, заңгерлердің, азаматтар мен заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда тәжірибе қалыптастыру.

Аталған мақсаттар мен міндеттер бұл курстың құрылымы мен негізгі мазмұнын құрайды.

Курсты оқу нәтижесінде тыңдаушылар міндетті түрде мыналарды меңгеріп шығуы тиіс:

- азаматтық құқықтың теориялық негіздерін меңгеру;
- нормативтік-құқықтық актілерді тәжірибе жүзінде қолдану мен оларды саралай білуді үйрену;
- «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы» (жалпы және ерекше бөлім) курсын оқу нәтижесінде азаматтық заңнама жүйесімен танысып, оны игеру;
- азаматтық құқық институттарының даму тарихы мен болашағына талдау жасай білу.

Курсты игеру барысында оның құқықтық негізі болатын нормативтік-құқықтық акт — Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі болып табылады.

«Азаматтық құқық» ежелгі Рим құқығынан бастау алады, ол цивилдік құқық (*ius civile*) деген атпен кең таныс болған, яғни рим азаматтарының құқығы дегенді білдіреді. Цивилдік құқықта жалпы ғылыми және жеке ғылыми (саралау, нақты әлеуметтік зерттеу, салыстырмалы құқықты тану, формалдық-логикалық түсіндіру) зерттеу тәсілдері қолданылады.

Азаматтық құқық сондай-ақ көптеген өзге де құқық салаларымен, ең алдымен мемлекет және құқық теориясымен тығыз байланысты болып келеді. Азаматтық құқық жария-құқықтық сала болып табылатын конституциялық құқықпен, әкімшілік құқықпен, жер құқығымен, азаматтық іс жүргізу құқығымен тығыз байланысты. Азаматтық құқық сонымен бірге философиямен, саясаттанумен, әлеуметтанумен, тарих ғылымдарымен ұштасқан.

Азаматтық құқық экономикалық ғылым салалармен өте терең байланыста болады, себебі — ол қоғамдағы нарықтық экономикалық қатынастардың бір бөлігін реттейді. Сондықтан Экономикалық теория пәнімен тығыз байланысты болып келеді.

Ішкі істер органдарына мамандар даярлаудағы кәсіби бағыттылығын қамсыздандыру ісіндегі ең бір көкейтесті міндеттердің бірі — тыңдаушылардың маңызды әлеуметтік-кәсіби қызметтерді орындауға дайындығын қалыптастыру болып табылады. Ол қызметке деген белсенді қарым-қатынасында, таңдаған кәсібінің әлеуметтік құндылығында, мамандығын мақсатты түрде игеру және тез арада оған үйрену, бейімделу қабілетінде, жоғары кәсіби көрсеткіштерге жетуінде болып табылады.

Осыған орай, оқу орындардың ғылыми-педагогикалық кадрларының алдындағы тұрған міндет — тыңдаушыларда танымдық-шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.

Көбіне ведомствалық оқу орындарының теориялық сараптама және практикалық тәжірибе жұмысы көрсетіп отырғандай, тыңдаушылардың кәсіби дайындығы арнайы оқу пәндеріне негізделген, ал әлеуметтік-гуманитарлы пәндер кейінге қалдырылуы, біздің ойымызша, әділетсіздеу. Яғни, азаматтық құқық пәні. Себебі, азаматтық құқықты меңгеру болашақ ішкі істер органдары қызметкерлерінің азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша міндеттерін сауатты орындауға зор үлес қосатыны сөзсіз.

Қазіргі уақытта ІІО-на мамандар дайындауда біздің көп ұлтты Қазақстанда тұрып жатқан ұлттық дәстүр, әдіс негізінде жасалған педагогикалы және жаңашыл педагогтардың әдіс-тәсілдерін белсенді түрде кеңінен қолдану қажет. Осы міндеттерді шешу мақсатында Қазақстан Республикасы, ТМД көлемінде қарым-қатынастарды дамытып, ғылыми-педагогикалық тәжірибемен алмасу механизмін жетілдіру, достық қарым-қатынастағы елдердің ІІМ-не қатысты оқу орындарымен педагогикалық тәжірибе алмасу қажет.

Сонымен, кәсіби әдет-дағдыларын жетілдіру жұмыстары, қоғам дамуындағы криминалдық зиянкестікпен күресу және құқықтық тәртіппен қамсыздандыру міндеттерінің сұрақтарын шешудегі кәсіби деңгейдегі жоғарлауына бірден бір себебін тигізеді.

Тыңдаушылардың болашақ мамандығына қажетті жеке тұлғалық қасиеттердің оқу барысында қалыптасуы түлектердің кәсіби дайындығының жоғарлауына ғана әсер етіп қоймайды, ол бүкіл ІІО қызметінің тиімді болуына көп әсерін тигізеді. Сондықтан ІІМ оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамы, тәжірибелік органдардың жетекші қызметкерлері түлектердің тез арада сауатты маман болуына қажетті кәсіби қасиеттерді қалыптастыру бағытында барлық күштерін салулары қажет.